



Бастау



Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 46 (941)

11 қараша 2016 жыл

Жұма

Во вторник район посетила рабочая группа Республиканского общественного совета по противодействию коррупции при партии «Нур Отан», осуществляющая контроль реализации государственной Программы инфраструктурного развития «Нурлы жол» в Алматинской области, в сопровождении заместителя областного руководителя Галымжана Абдрайымова.

ПОД ЖЕСТКИМ КОНТРОЛЕМ ПАРТИИ

Члены вышеуказанной группы, в которую входили представители Сената Парламента, Мажилиса Парламента и других государственных органов побывали на строительстве детского сада в городе Уштобе, общей сметной стоимостью 738, 9 млн. тенге, где основная часть денежных средств была выделена из Национального фонда страны. Строительно – монтажные работы подрядной организацией «TOLAGAI – 2050» здесь были начаты в июне 2015 года и на сегодняшний день они завершены на 99, 9%. Открытие этого образовательного учреждения на 320 мест, состоится уже в конце текущего месяца. Стоит отметить, что если в настоящее время охват детей в районе дошкольным образованием составляет 89, 9%, то с введением в эксплуатацию данного объекта он достигнет 92%.

Далее, в большом зале акимата состоялся актив района. Обращаясь к присутствующим, депутат Сената Парламента Куаныш Айтаханов поздравил каратальцев с приближающейся датой – 25-летием Независимости. Наряду с этим, он отметил важность выполнения задач, поставленных Президентом Нурсултаном Назарбаевым для обеспечения устойчивого роста отечественной экономики и повышения качества жизни населения. Затем он подробно разъяснил миссию созданного при партии «Нур Отан» Республиканского антикоррупционного общественного совета. Кроме того, выступающий интересовался проблемами, которые не позволяют многим местным жителям участвовать в реализуемых государственных программах.



На следующем этапе, слово взял депутат Мажилиса Парламента Василий Олейник, отметив, что представляемый им государственный орган уделяет большое внимание вопросам общественной безопасности, противодействия экстремизму и терроризму, исполнению законов и т.д. Выступающий заявил, что все высказанные проблемы и предложения будут в дальнейшем безусловно учтены на местах.

В прениях выступили руководитель славянского этнокультурного объединения Валентина Спиридонова и председатель районного совета ветеранов Сеилхан Беков. После окончания собрания, участвующий в рабочей группе инспектор Департамента организационно – контрольной работы Центрального аппарата партии «Нур Отан» Жандос Калтаев посетил ЦРБ и ознакомился с деятельностью первичной партийной организации им. Косенкова при Каратальской центральной районной больнице и предложил принимать больше молодежи в ряды нуротановцев.

Н. ИВАНОВА

15 қараша - Ұлттық валюта күні

1993 жылы қарашаның 15 күні ұлттық валюта қаржы нарығында айналымға енді. Елбасының Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша – төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді.

ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗДІҢ «ТУҒАН КҮНІ»

Ұлттық валютамыздың дизайны мемлекеттік рәміздерді, еліміздің сәулет нысандары менен табиғи ландшафтарын бейнелей отырып, Қазақстанның осы заманғы бейнесін береді. Қолайлылық үшін номиналдарды сандық және жазбаша белгілеу ірі қарпітермен басылған. Нашар көретін адамдар үшін банкноттарды әр жеке номиналға тән жоғары бедерлі арнаулы элементтер пайдаланылған. Көптеген елдердің ұлттық валютасының тарихы сан ғасырлар бойы қалыптасқан, ал теңгенің тарихы 1993 жылғы 15 қарашадан басталады. Бұл меншікті ұлттық валютаға көшу Қазақстан өз дербес ақша – кредит саясатын жүргізу мүмкіндігіне ие болды. Қазақтың өз ақшасы, ұлттық валютасы – теңге айналысқа шығып, елдің тәуелсіздігінің нығаюына, халықтың және кәсіпорындардың сеніміне ие болып, өзінің 23 жыл тарихында тәуелсіз егемен мемлекеттің міндетті рәмізі екенін дәлелдеп, мемлекеттің қаржы-несиелік саясатына орасан зор ықпалын тигізді. Теңге үш мәрте -2011, 2012, 2013 жылдары әлемдегі ең үздік банкноты болып танылған. Теңгенің алдағы уақытта да атқарар игі істері мол.

Ұлттық ақшасын енгізу арқасында еліміз Тәуелсіздік жылдарында толағай табыстарға қол жеткізе алды. Бұл жетістіктерге қаржы қызметкерлерінің де қосқан үлесі бар. Олардың алдағы уақытта да өңірімізді әлеуметтік-экономикалық дамыту жолында еселі еңбек ететіндеріне сенім білдіреміз.

Құрметті әріптестер! Ауданның тиімді дамуы – сіздердің кәсіпқорлықтарыңыз бен ұмтылыстарыңыздың, тәжірибелеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің арқасы. Барлықтарыңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бақыт пен зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және мемлекетіміздің бұдан әрі нығаюы мен дамуы үшін атқарған қызметтеріңізге табыс және алдарыңызға қойылған міндеттерді шешуде қажымас қайрат, табысты және жемісті қызмет етулеріңізді тілеймін.

Рысбек АЛИЯНОВ,
Қаратал аудандық қаржы бөлімінің басшысы



Аудан әкімдігінде

Қарашаның үшінші жұлдызында аудан әкімдігінің үлкен залында әкімдіктің кезекті мәжілісі болып өтті. Аудан әкімі Қайрат Бисембаевтың төрағалығымен өткен мәжіліске аудандық мәслихаттың депутаттары, қала, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік мекеме, бөлім басшылары, аудандық ішкі істер бөлімінің және жергілікті полиция қызметінің басшылары, «Нұр Отан» партиясы филиалының, кәсіподақ ұйымдарының басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС САРАЛАНДЫ

Жиынның күн тәртібінде: «Ауданның 2016 жылдың 9 айының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және IV тоқсандағы міндеттері туралы» және «Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындар алдында есеп беру кездесулерінде айтылған ескертулер мен ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы» мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Ж.Тасыбаев баяндама жаса-

ды. Жәнібек Шоғалұлы өз баяндамасында бюджет, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, автотолдар, білім, денсаулық, құқық қорғау, мәдениет т.б. салалар бойынша жан-жақты мәліметтерді айта келіп, «Алтын асық» «Сыбаға», «Құлан», «Құдық» бағдарламаларының орындалу барысына да тоқталып өтті.

Баяндаманы талқылау үшін аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы - Ф.Ибраев,

ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің басшысы - А.Асубеков, аудандық орталық аурухананың бас дәрігері – Б.Құмаровтар жарысөзге шықты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудан әкімінің аппарат басшысы Қ. Есботановтың ақпаратты тыңдалды. Талқыланған мәселелер бойынша айтылған ұсыныстар ескеріле отырып қаулы қабылданды. Мәжілісті аудан әкімі Қ.Бисембаев қорытындылады.

С. СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ



САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес Саяси кеңес Бюросының отырысы өтті. Саяси кеңес Бюросы отырысын «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы Бисембаев Қайрат Әшірәліұлы ашып жүргізді.

Отырысқа Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ф.Сарыбаев,

аудандық партия филиалының Саяси кеңес Бюросының мүшелері, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Отырыста фракция жанындағы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша комиссия мүшелерінің есептері тыңдалды. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан балабақша құрылысының жұмысы туралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Д.Ұзақбайдың есебі тыңдалып, балабақша құрылысын жүргізіп отырған «ТОЛАҒАЙ-2050» ЖШС мердігерлеріне балабақша құрылысын сапалы аяқтаулары туралы қатаң ескерту берілді.

БАСПАСӨЗ - 2017 «Бастау» газетіне 2017 жылға жазылу басталды!

Жазылу бағасы:

қала тұрғындары үшін:
1 жылға – 3519 тг 88 тиын;
6 айға – 1759 тг 94 тиын;

ауыл тұрғындары үшін:
1 жылға – 3743 тг 48 тиын;
6 айға – 1871 тг 74 тиын.

Сүйікті газетіңізге жазылуға асығыңыздар!

15 ноября - День национальной валюты

15 ноября является Днем национальной валюты - тенге. Казахская валюта пережила многое: и несколько волн девальвации, и инфляцию. Сегодня тенге является экономической основой независимости, символом суверенитета, полновесной частью новейшей истории и будущего Казахстана.

НЕСКОЛЬКО ФАКТОВ О ТЕНГЕ

Как подчеркнул Глава Казахстана в своих воспоминаниях: «Строя свою государственность, нельзя обойтись без собственной валюты. Рано или поздно нужно было ее вводить. Валюта - кровеносный сосуд всей экономики». Введение национальной валюты позволило государству также начать формирование полноценного банковского сектора. Именно введение в обращение тенге позволило Казахстану сделать первые и такие необходимые шаги по построению национальной рыночной инфраструктуры. За прошедшие годы казахстанская денежная единица получила признание на международном рынке.

И в год 25-летия Независимости мы вполне можем сказать, что мы гордимся своей валютой. За небольшой срок своего существования тенге трижды был признан лучшей банкнотой в мире! И это далеко не единственный повод гордиться национальной валютой. Предлагаем несколько интересных фактов о тенге.

О купюрах:

1. Дизайн первых тенге был разработан при помощи карандаша, кальки и туши. Других инструментов у создателя банкнот не было. 2. Первая партия тенге была отпечатана на лондонской фабрике Harrison & Sons. Чтобы доставить тираж в Казахстан, понадобилось совершить 18 авиаперелетов. 3. Деньги транспортировались под видом промышленного оборудования. Процесс контролировал Комитет национальной безопасности. 4. Королева Великобритании вручила владельцам Harrison & Sons золотой знак. Награда была присуждена за лучший экспортный продукт страны. Так монаршая особа закрепила авторские права на первые

казахстанские тенге за лондонской фабрикой. 5. Собственную фабрику купюр Казахстан открыл только в 1995 году. Благодаря этому в республике появилась традиция выпускать «праздничную» банкноту к каждому важному событию. 6. Почему «тенге»? Название национальной валюты Казахстана произошло от наименования средневековых тюркских серебряных монет: «танга» или «денге». Отсюда же происходит название русской монеты «деньга» (полкопейки), да и само слово деньги. Национальная валюта Казахстана могла получить совсем иное название. Наряду с «тенге» рассматривались такие варианты: «сом», «акша» и «алтын». Главе государства больше всего импонировал последний вариант. 7. Тенге является самой застрахованной от подделок валютой в мире. Опыт Казахстана переняли американцы, чтобы повысить уровень защищенности доллара. 8. Банкноты тенге признавались лучшими в мире три раза, в 2011, 2012 и 2013 годах. 9. На 50-тенговой купюре должен был красоваться портрет Нурсултана Назарбаева, но президент отказался от такой чести, пошутив, что собственные портреты на деньгах размещают только руководители африканских стран.

О монетах:

10. В 1998 году Казахстан обзавелся собственным монетным двором, который расположился в Усть-Каменогорске. С тех самых пор республика входит в четверку стран на просторах бывшего СНГ, которые чеканят монеты на собственных мощностях. Ранее монеты заказывались в Германии. 11. В состав казахстанских монет входит три металла: золото, серебро и нейзильбер. 12. Все казахстанские монеты имеют «срок годности». Он составляет 20 лет. Металл, предназначенный для изготовления монет, должен пройти ряд тестов, которые подтверждают его безвредность и устойчивость к износу.





XX ғасырдың басынан бастап осы күнге дейін адам-ды саудаға салу күннен-күнге дамып келе жатқан қылмыс түрі болып табылады. Қазіргі таңда қылмыстың бұл түрін ауқымды трансұлттық проблемалардың қатарына жатқызсақ та қателеспейміз. Криминология көзқарасынан алатын болсақ, бұл қылмыстың жасалуынан көптеген мемлекеттерге залал келіп отыр, сол себепті бұны осындай көлемдегі проблема ретінде қарастырамыз.

Адам саудасы туралы не білеміз?

ҚР ҚК-ң 128-бабында «Адамды саудаға салу» түсінігі - адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау.

Адамдарды оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге және Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдау, ауыстыру адам трафигі деп аталады. Бұл күнде адам саудасы деген атауға жұртшылықтың еті үйреніп алды. Адам саудаланыпты десеу іреншікті жағдай секілді, мал сатылыпты дегендей ғана естілуі мүмкін. «Оу, саудаланған мал емес, адам ғой!» десеңіз де, бәрібір, ешкім селт етпейді. Өйткені қалай айтсаңыз да, бұл да бір заман үлесі. Оған қарсы тұруға бір елдің де күші жетпейді. Сондықтан адамды саудалайтын саудагерлермен күресті әлем қолға алды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұған бастамашы болды. Сөйтіп, 30 шілде – Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күні деп жарияланды. Ендігі жер халықаралық қоғамдастық оны жыл сайын атап өтетін болады.

Ал адам саудасына мысал көп. Періштедей пәк жаңа туған сәбиден бастап, жасөспірімдер, жап-жас қыздар мен арулар, аяқ-қолы балғадай ерлер – бәрі-бәрі еркінен тыс сатылады, не күштеп зорлыққа жығылады, құлдыққа түсіп, ауыр жұмыстарға жегіледі. Көзіқарақты жандар мұны айтпаса да күнде естиді.

Адам сату, бұл— миллиардтаған ақша түсіретін қылмыстық іс. Сондықтан да қылмыстың бұл түрі бүкіл әлем бойынша өршіп тұр.

Дүниежүзінде есірткі мен қару-жарақ сатудан кейінгі қатты дамыған адам саудасы, екіншіше орай, біздің де елімізді айналып өтпепті. Көші-қон бойынша халықаралық ұйымның статистикалық деректеріне сүйенсек, соңғы 10 жылда түрлі мақсатқа шетелдерге «сатылған» адамдардың дені қазақстандықтар және олардың көбісі біздің еліміз арқылы өтіпті. Бұған Қазақстанның Еуропа мен Азияның қақ ортасында орналасуы себепші болып отыр дейді мамандар.

Мамандардың пікірінше, бүкіл дүниежүзінде жыл сайын шамамен 800 мыңнан 4 миллионға дейінгі адам құлдыққа сатылып, еңбегі қаналса, олардың дені қыз-келіншектер екен. Ал бұл қылмысты ұйымдастырушы азаматтар одан жылына 7 миллиард доллар табыс табатын көрінеді.

Сондықтан, бүкіл әлем болып күресіп жатқан адам саудасына қатысты құқықтық апаратырды біліп жүруге әркім мүдделі. Алаяқтардың қақпанына түсіп қалмау үшін танымайтын біреулер пайдалы жұмыс жөнінде ұсыныс жасағанда, сіз оны жан - жақты тексеріп алғаныңыз жөн. Егер сіз олардың ұсынысына келісіп, басқа қалаға немесе шетелге шығуға шешім қабылдасаңыз, кетер алдында отбасы мүшелеріне, туыстарыңызға бұл жөнінде айтып, қай жерде, қандай жағдайда жүргеніңізді міндетті түрде хабарлап отырыңыз. Егер сіз қиын жағдайға тап болсаңыз, шұғыл түрде ұлттық 11616 жедел желіге немесе стационарлық 88000800015 нөміріне хабарласуға болады. Шетелге жұмысқа баратын болсаңыз, міндетті түрде сол елдің көші-қон туралы заңымен танысыңыз, сол мемлекеттегі өз еліңіздің елшілігі мен консулдықтарының мекенжайын және телефон нөмірін алдын ала біліп алыңыз, құжаттарыңызды өзгелердің қолына еш уақытта бермеңіз. Бұған қосымша жұмыс ұсынып отырған компания жөнінде мәлімет жинап, олардың лицензиясын тексеру керек.

Алда-жалда алаяқтың құрсауына түсіп қалсаңыз, бірден сол жердегі Қазақстан Үкіметінің дипломатиялық өкілдігіне немесе сол жердегі құқық қорғау органдарына барып, көмек сұрағаныңыз дұрыс. Өлемнің 100-ден астам елдерінде көші-қон бойынша халықаралық ұйымдар жұмыс істейді, солардан да көмек сұрауға болады.

Б.ҚОҒАМОВ,

аудандық әділет басқармасының басшысы, Қазақстан заңгерлер одағының мүшесі.

== Тұсаукесер

АҚЫН МҰРАСЫ ЖАҢҒЫРДЫ

Кітабыңыз құтты болсын, Назар аға, Өлеңді сіздей әркім жаза ала ма? Қысқа-нұсқа, жүрекке жылы тиер, Айтар ойың түп-тұнық, таза ғана.

Өткен аптаның жұмасында аудандық кітапханада ортамыздан ерте кеткен талантты ақын, көсемсөздің хас шебері Назар Қалиұлының мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген «Өлең - саған ғашықпын» атты жаңа кітабының тұсауы кесілді.

Кеш мазмұнына сай әсем безендірілген оқырмандар залы өлең сүйер, жыр сүйер қауымға лық толды. Экраннан ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы слайд топтамалары көрсетіліп, тамылжыған әсем әуендер қонақтар көңіліне көктем сыйлады. Кеш шымылдығы ақынның «Өлең-Өмірбаян» атты туындысымен ашылды. «Жоқ екен өткен өмір қайта келмек, дүниеге келгендердің бәрі өлмек», -деп, бұл өмірден ерте озған, қалың елдің ортасынан бәйге атындай суырылып шыққан ақын ағамыз Назар Қалиұлына арналған рухани кешке қош келдіңіздер», -деп жарқын үнмен ортаға шыққан қос жүргізуші ақын жайлы естеліктерден сыр шерту үшін қонақтарға сөз берді. Кітаптың тұсауын кесіп, лентасын кию құрметіне ие болған қарымды қаламгерлеріміз, ауданымыздың құрметті азаматтары Мәкен Өсербаева мен Қараша Қараман үлкен толқу мен тебіреністі жағдайда автордың сыршыл естеліктерін сыр ақтарса, облыстық «Жетісу» газетінің адуынды тілшілері Қуаныш Тұңғатар мен Асыл Сұлтанғазы оралымды ойларын ортаға салды. Бар ғұмырын шұрайлы да шырайлы өлең шумақтарымен өрнектеп өткен, ақындық сезімі мейілінше күшті болып жаралған, заман рухы мен талабын жүрек лүпілімен сезіне білген, өмірдің мазмұнын терең түсініп, шындығын аша білген дүлдүл ақынның бойында сазгерлік талант та бар екеніне көз жеткіздік. Бұл уәжімізге ағамыз-



ған ақ дастарханнан дәм татты. Ақын жайлы жарқын естеліктер ағыны дастархан басында да ары қарай ағытылып жатты.

Иә, ақынның көзі тірісінде «Жырыма үңіл, ұққың келсе сырымды, Өлеңімнің бағы жанса болғаны», - деп жазып кеткен арман-мүддесі бүгін орындалды десек те болады. Себебі, өлеңнің бағы жану деген ол, өлеңдердің жүйеленіп, жинақ болып, өз оқырмандарына жол тартуы емес пе? Ендеше, ақын есімі, шығармашылық мұрасы, ақтық пен адамгершілік бағытындағы рухани күресі және арман-мүддесі жас ұрпақты тура жолға бастайтынына кәміл сенім мол. Туған жұрты арда ұлын еш ұмытпақ емес, ұмытпайды да!

Л. ЖАНБОТАҚЫЗЫ

== Бәрекелді!

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗІ

Білім беру - берген білімнің санында емес, сенің білгеніңді толық түсініп, оны құлшыныспен қолдана білу
Георг Гегель

Қазан айының 20 күні Алматы қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми - педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институты ҚР әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларының қазіргі заманғы талаптарына сай мамандарды даярлауда әдістемелік қызметтің мазмұнын жаңарту, педагог қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін артырудағы әдістемелік қызметтің ролін нығайту мақсатында «Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік қызмет: бүгінгі және болашағы»тақырыбында «Өрлеу» БАҰО АҚ басқармасы, «Инновациялық даму және әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі мамандары, ЖОО және колледж өкілдері, облыстық, қалалық, аудандық әдістемелік кабинеттер әдіскерлері, білім беру ұйымдарының әдістемелік қызмет ісіне жауапты

мамандарының қатысуымен республикалық семинар өткізді.

Әдістемелік қызмет саласы мамандарының кәсіби дамуына және өзара тәжірибе алмасуына, сындарлы сұхбат орнатуға жағдай жасау; білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы озық педагогикалық идеяларды анықтау, зерделеу және тарату; жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік қызмет мазмұнындағы жаңашылдықтарды насихаттау; педагог мамандардың кәсіби күзиреттілігін арттыруына, шығармашылығы мен іскерлігін жетілдіруіне және өзін-өзі дамытуына ықпал ету міндеттерін басшылыққа ала отырып өткізілген республикалық семинар аясындағыреспубликалық «Үздік әдістемелік кабинет», «Іскер әдіскер», «Озық тәжірибелер отауы» номинациялары бойынша ұйымдастырылған байқауға қатыстық.

«Деңгейлік оқу бағдарламасының іс-тәжірибесін ұйымдастырудағы әдістемелік кабинетің ролі» тақырыбымен

== Звонок в редакцию

На минувшей неделе телефон редакции вновь не смолкал от звонков. В этот раз нам звонили жильцы ул. Абылай хана, проживающие в частных и двухэтажных домах, на пересечении с ул. Толе би. Люди жаловались на ужасный запах и огромную лужу нечистот, появившиеся возле канализационной насосной станции и просили хоть как-то посодействовать в решении проблемы. Мы, в свою очередь, тут же сообщили о случившемся в соответствующие службы, чтобы они скорее приняли необходимые меры. Правда, терпеть неудобства в связи с усиливающимся зловонием жителям улицы пришлось не один день, ведь меры были приняты лишь в понедельник.

АВАРИЯ НА СТАНЦИИ

На наш вопрос, почему так вышло, заместитель акима района Асхат Калиаскаров пояснил:

- Специалисты «Каратал су кубыры» могли бы приступить к работе в тот же день, как получили сигнал. Но дело в том, что у оборудования, установленного на всех насосных станциях, гарантийный срок обслуживания истекает летом следующего года. Согласно правилам, до этого времени производить любые ремонтные работы имеют право только специалисты подрядной организации. Но сама организация находится в другой области нашей страны. Конечно же отдел ЖКХ связывался с подрядчиками и те обещали помочь. Но вряд ли бы их помощь поспела в короткие сроки.

Времени, чтобы ждать подрядчиков, не было, ведь ситуация ухудшалась с каждым днем. Поэтому и пришлось местным специалистам скорее браться за дело, а районный акимат выделил спецтехнику. По прибытию на место, специалисты установили, что из строя вышли насосы. Когда извлекли один из них, выяснилось, что причиной его остановки стала застрявшая...строительная рулетка, которую затянуло в насос. К счастью, к большой полочке это не привело, и вскоре насос был вновь запущен в действие. Во втором также была обнаружена неполадка, которую работники «Каратал су кубыры» также устранили. По словам специалистов, сейчас станция работает в нормальном режиме. Правда, «аромат» разлившихся нечистот будет держаться еще какое-то время.

А. БУЛАВИН

«Мектепке жол» акциясының өңір бойынша қорытындысы



Биылғы 2016 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі жалпыреспубликалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені!» ұранымен өтілді. Ауданның орта білім беру мекемелері бойынша ағымдағы жылдың тамыз айының есебімен алғанда аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасының балалар саны – 670. Ағымдағы жылдың 22 тамызында өткен акцияда демеушілік көмекке аудан бойынша мемлекеттік мекемелердің басшылары, жеке кәсіпкерлер және мектеп басшылары ұжымымен тартылды. Атап айтсақ, ЖШС «Дайк» директоры Марат Сейфуллин Есенберлин орта мектебінен 10 оқушыны 176 000 теңге қаражатқа, ЖШС «АгроинвестКаратал» директоры Ян Поспешный Молдағалиев орта мектебінің 8 оқушысын 156000 теңгеге мектеп формасымен қамтыды, ЖШС «Tolagai» директоры Оразхан Жанысбеков 5 оқушыға, «Қаратал» АҚ басшысы Серікжан Жексенбиев 120 000 теңге ал, «Үштөбе - Айдын» ЖШС директоры Сейілхан Базарханов 45 оқушыға оқу құралдарына 250 000 теңге көлемінде қаражат бөлді. К.Тоқаев атындағы қор есебінен 46 оқушы мектеп формасымен 690 000 теңгеге көмек алды, аталған қордан қыркүйек айында 23 оқушы 300 000 теңгеге күздік киімдермен және оқу құралдарымен қамтылды. Аудан мектептерін бірыңғай мектеп формасымен қамтушы ЖК «Бимолдина» есебінен 35 оқушыға (525 000 теңгеге) мектеп формасы таратылды. Жәрмеңке бойынша демеушілер тарапынан 319 балаға 3 413 800 теңге көлемінде көмек көрсетілсе, **тамыздың бірінен қыркүйектің отызы аралығында барлығы 670 балаға 6 361 200 теңге** көлеміндегі қаражатқа көмек көрсетілді.

Қ.ҚАСЫМОВ,

білім бөлімінің басшысы

В целях реализации проекта плана Генеральной прокуратуры РК «Казахстан без насилия в семье», протокол заседания национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК, плана ООМ МПС ДВД за 4 квартал т.г., совместно с представителями акимата, партии «Нур Отан», прокуратуры, образования, НПО и СМИ запланировано проведение встреч с женщинами.

НАСИЛИЕ В СЕМЬЕ

В рамках мероприятий запланированы встречи с женщинами (в том числе неработающими, категорией неблагополучных и малоимущих семей) совместно с неправительственными организациями, участковыми инспекторами полиции, ювенальной полицией и инспектором по защите прав женщин от насилия.

Встречи будут проводиться ссохвatomсельского населения, особенно в отдельных поселках, где слабо организована информационно-пропагандистская работа.

Вышеуказанное мероприятие запланировано провести в районе до 20 ноября текущего года. Во время встреч будут разъяснены нормы законодательства, касающиеся насилия в семье, а также будет производиться прием граждан по оказанию правовой, психологической и социальной помощи.

А. АСАНОВА,

инспектор ПЗЖН МПС Каратальского РОВД, капитан полиции





ВОИНСКИЙ УЧЕТ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Воинский учет граждан Республики Казахстан организуется в соответствии с законами Республики Казахстан от 16 июня 1997 года «О мобилизационной подготовке и мобилизации в Республике Казахстан», от 7 января 2005 года «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан», от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих», от 13 февраля 2012 года «О специальных государственных органах» и Постановлением Правительства РК от 27 июня 2012 года №859 (далее правила).

Призывники - граждане Республики Казахстан мужского пола, приписанные к призывным участкам местных органов военного управления районов (городов областного значения) и подлежащие призыву в Вооруженные Силы (подпункт 4 статьи 1 Закона РК «О воинской службе и статусе военнослужащих»). Военно-обязанные - граждане Республики Казахстан, состоящие на воинском учете и пребывающие в запасе до предельного возраста состояния на воинском учете (подпункт 16 статьи 1 Закона РК «О воинской службе и статусе военнослужащих») Воинский учет осуществляется постоянно и охватывает граждан Республики Казахстан, за исключением: 1) женщин, не имеющих военно-учетной специальности; 2) лиц, освобожденных от исполнения воинской обязанности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих»; 3) лиц, отбывающих наказание в виде лишения свободы; 4) лиц, постоянно проживающих за пределами Республики Казахстан. Целью воинского учета является определение наличия призывных и мобилизационных людских ресурсов в интересах их эффективного использования для обеспечения обороны и безопасности государства. Для осуществления воинского учета юридическими лицами и организациями образования приказом первого руководителя назначаются лица, ответственные за ведение военно-учетной работы. Согласно пунктам 35, 71 Правил юридические лица ведут воинский учет граждан по личной карточке (форма № Т-2) согласно Приложению №14 к Правилам (далее – личная карточка). На призывников дополнительно ведется список работающих (учащихся) юношей, подлежащих подготовке к срочной воинской службе согласно

Приложению № 26 к Правилам (далее – список юношей, подлежащих подготовке к срочной воинской службе). Этот вид учета ведется в целях определения количества работающих, (обучающихся) призывников и военнообязанных, разработки мероприятий по подготовке своевременной замены граждан, призываемых в Вооруженные Силы, другие войска и воинские формирования Республики Казахстан, осуществления контроля за соблюдением призывниками настоящих Правил и оказания помощи Местным органам военного управления (далее МОВУ) (по старому военкомату) района (города областного значения) в ведении воинского учета и подготовке молодежи к воинской службе.

Руководители организаций в течение семи рабочих дней предоставляют в МОВУ районов (городов областного значения) документы, подтверждающие количественный и качественный состав военнообязанных, призывников и допризывников (пункт 10-1 Правил). В соответствии с пунктом 72 Правил для осуществления воинского учета юридическими лицами и организациями образования приказом первого руководителя назначаются лица, ответственные за ведение военно-учетной работы, на которых возлагаются: 1) проверка при приеме на работу (учебу) наличия у военнообязанных военных билетов или временных удостоверений, а у призывников – удостоверений о приписке. В случае необходимости изъятия указанных документов, гражданам выдается расписка, согласно Приложению №25 к Правилам; 2) определение состояния на воинском учете граждан, принимаемых на работу (учебу). Военнообязанные и призывники, не состоящие на воинском учете, принимаются на работу (учебу) только после постановки их на воинский учет в

МОВУ района (города областного значения) по месту жительства; 3) обеспечение полноты и качества воинского учета работающих (обучающихся) граждан; 4) ежегодное проведение сверки личных карточек с документами воинского учета МОВУ района (города областного значения), о чем производятся соответствующие отметки в личных карточках; 5) оформление бронирования военнообязанных за юридическими лицами и организациями образования в соответствии с Правилами бронирования граждан за юридическими лицами в период мобилизации, военного положения и в военное время; 6) ежегодное к 1 сентября представление в МОВУ района (города областного значения) списков граждан 15-16-летнего возраста и к 1 декабря списков граждан, подлежащих приписке к призывным участкам и постановке на воинский учет в следующем году, согласно Приложению №23 к Правилам; 7) предоставление гражданам возможности своевременной явки по вызовам (повесткам) в МОВУ района (города областного значения); 8) ежемесячное к 25 числу представление в МОВУ района (города областного значения) сведений о военнообязанных и призывниках, принятых на работу (учебу) или уволенных с работы (отчисленных из учебных заведений), согласно Приложению №33 к Правилам; 9) ежегодное к 15 февраля (по состоянию на 1 января) направление в МОВУ района (города областного значения) сведений о численности работников (студентов), в том числе забронированных в период мобилизации, военного положения и в военное время; 10) ведение журнала проверок за состоянием воинского учета и бронирования военнообязанных и призывников согласно Приложению №24 к Правилам.

В личных карточках граждан, достигших предельного возраста пребывания в запасе, или граждан, признанных негодными к воинской службе по состоянию здоровья с исключением с воинского учета, производятся отметки «Исключен с воинского учета по возрасту» или «Исключен с воинского учета по состоянию здоровья» (пункт 73 Правил). Согласно пункта 1 статьи 17, пункта 4 статьи 27 Закона РК «О воинской службе и

статусе военнослужащих» руководители организаций, в которых работают военнообязанные и призывники, в пределах своей компетенции обязаны: оповещать военнообязанных и призывников о вызове их в местные органы военного управления; предоставлять в соответствующие местные органы военного управления районов (городов областного значения) документы, подтверждающие количественный и качественный состав военнообязанных, призывников и допризывников; обеспечивать доставку граждан из других местностей в местные органы военного управления районов (городов областного значения) при проведении приписки допризывников и призыве граждан на воинскую службу; отозвать граждан, подлежащих призыву, из командировок, организовать оповещение и своевременное прибытие на призывный пункт для проведения медицинского освидетельствования граждан при призыве их на воинскую службу.

Кто контролирует ведение воинского учета граждан в организациях и что грозит нарушителям? Контроль за организацией и ведением воинского учета и бронированием военнообязанных юридическими лицами и организациями образования осуществляется МОВУ (военкоматы) района (города областного значения) (пункт 74 Правил). При нарушении законодательства РК по ведению воинского учета юридические лица и ответственные должностные лица организаций привлекаются к административной ответственности.

На основании вышеизложенного прошу руководителей организаций и учреждений не зависимо от форм собственности, взять на личный контроль предоставление информации, ведение воинского учета и бронирования в Вашей организации военнообязанных и призывников и приведение в соответствии с Правилами. В случае неисполнения указанных требований руководители и должностные лица будут привлечены к административной ответственности.

По всем вопросам обращаться по тел: 8(72834) 4-05-97 вн: 101.

А. УСЕРБАЕВ, начальник отдела по делам обороны

==Өнер байқауы

«ЖЕТІСУ ЖҰЛДЫЗДАРЫ» АНЫҚТАЛДЫ

Қараша айының басында Талдықорған қаласында Халықаралық музыка күні аясында Алматы облысы әкімінің жұлдесі үшін «Жетісу жұлдыздары – 2016» балалар шығармашылығы байқауы болып өтті. Ұрпаққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру мақсатында өткен шараға 5 жасан 15 жас аралығындағы үміткерлер қатысты.



Байқау 2 жанр бойынша өткізілді. Вокал (эстрадалық және дәстүрлі ән) мен хореография. XIV рет өтіп отырған дәстүрлі сайысқа қараталдықтар да қатысып өздерінің Мәдениет үйінің (директоры С.Мәженова) «Алтынай» мен балалар шығармашылығы орталығының (директоры Ж.Тұтқабеков) «Айтұмар» би ансамблдері айрықша көзге түсті. Білікті мамандар Ақгүл Нұрпейісова мен Гүлбақыт Жантемірованың жетекшілігімен өнерлерін шыңдап жатқан балаларымыз сахна төрінде ұршықтай үйіріліп, аққудай қалықтап көрген жұрттың сүйіспеншілігіне бөленді. Қазақ музыкасының әуезді ырғағы мен ритміне бағынып билеген тау суындай таза балғындарымыз бидің тылсым сырларын меңгеріп келе жатқандықтарын аңғартты. Би құдіретінің has шебері Шара Жиенқұлова: «Би - қимыл поэзиясы. Көркемдік пен сұлулықтың бір тармағы», - дейді. Ендеше осындай тұнып тұрған поэзияның кәусар бұлағынан сусындау ұл-қыздарымыз үшін үлкен тәрбие мектебі. Жалпы, ата- бабаларымыз өздерінің тұрмыс-тіршілігін би арқылы бейнелей білген. Оған қазіргі билеріміз куә. Ендігі міндет би өнерінде ұлттық нақышты сақтай отырып, оны ары қарай дамыту болып табылады. Ал, байқау қорытындысына келсек: «Алтынай» үлгілі би ансамблі кіші топта 1-ші орынды жеңіп алып, бірінші дәрежелі диплом және 40 мың теңге сыйлықпен марапатталды. «Айтұмар» тобы ересек жасөспірімдер арасында 2-ші жүлдеге қол жеткізіп, екінші дәрежелі диплом мен қомақты сыйлықты еншіледі. Ән жанрында да қараталдықтардың бәйгеге үкілеп қосқан өрендері небір дарынды әріптестерімен тең дәрежеде өнер көрсетіп, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Дәстүрлі ән номинациясында екі ішекті, бір тиекті домбырасын қолына алып, неше алуан түрлендіре ән салған №13 мектептің оқушысы Ақниет Мүбәрақжанның, әсіресе, «Біздің жақта» әніне көпшілік тәнті болып, қазылар алқасының шешімімен ол 2-ші орын иегері атанды. Білікті музыка маманы Анар Байгөбектің төл шәкертінің болашағы жарқын деп білеміз. Эстрадалық ән номинациясында танымал әнші Алма Досовадан вокал сабағын алатын Ерасыл Аман да (№13 мектеп) «Әке-ана» және «Самға» әндерінің иін қандыра, нақышына келтіре шырқап, 3-ші жүлдені қанжығасына байлады. Осылайша, өнерпаздарымыз ән додасынан табысты оралды. Алда оларды әлі талай сындар күтіп тұр. Ол белестерден абыроймен өту үшін, моңшақтап тер төгу қажет.

Ж. АҚЫЛБЕКҰЛЫ

ОПЛАТИТЕ НАЛОГ НА ТРАНСПОРТ!

В случае прохождения регистрации, перерегистрации или государственного техосмотра транспортных средств, физические лица производят исчисление и уплату налога в бюджет до совершения указанных действий в порядке, установленных ст.369 п.3. Налогового Кодекса РК. То есть, перед прохождением технического осмотра автотранспортного средства налогоплательщик обязан оплатить налог на транспортное средство, согласно налогового законодательства, а затем проводить техосмотр автотранспорта. На не уплаченную в срок сумму налога начисляется пеня за каждый день просрочки исчисленной суммы налога, а также за несвоевременную уплату транспортного налога будут применяться меры административного взыскания. Платежи принимаются во всех почтовых отделениях города и кассах Нарбанка. Тел: 2-15-84, г.Уштобе, ул.Аблайхана,14.

Управление государственных доходов по Каратальскому району

Что такое легализация?

Легализация - это признание государством прав на имущество, выведенное из законного экономического оборота в целях сокрытия доходов и(или) не оформленное в соответствии с законодательством РК, либо оформленное на ненадлежащее лицо.

Основная цель акции - введение в экономику дополнительных средств в идее легализованного капитала. В легализации могут участвовать граждане РК, оралманы и лица, имеющие вид на жительство в РК. Чтобы узаконить строение, необходимы следующие документы: заявление соответствующего образца в двух экземплярах; копия документа, удостоверяющего личность, с предъявлением оригинала при подаче заявления; технический паспорт объекта недвижимости; заключение аттестованного эксперта на соответствие объекта строительным нормам и

правилам. Срок рассмотрения заявления - 30 календарных дней.

Легализации подлежат строения и сооружения, находящиеся на самовольно захваченных землях, в водоохраных полосах и зонах водных объектов, в санитарно-защитных зонах, в пределах «красных линий» в населенных пунктах, на землях железнодорожных и автомобильных дорог общего пользования, на особо охраняемых природных территориях, на землях для нужд обороны и государственной безопасности, оборонной промышленности, на землях

общего пользования. При этом, никаких сборов за легализацию имущества на территории РК оплачивать не надо, нужно только оплатить изготовление технического паспорта объекта недвижимости и заключение аттестованного эксперта на соответствие объекта строительным нормам и правилам. Строение считается легализованным со дня вынесения решения комиссии о легализации строения. Вопросы регистрации занимаются граждане, получившие положительное решение комиссии самостоятельно. Расходы по регистрации оплачиваются согласно тарифам. Прием документов на легализацию (кроме денег) до 30.11.16г. Тел. для справок 2-23-35

В. МАРКЕВИЧ, начальник УЗПП по Каратальскому району

==Тәуелсіздік шежіресі (Тарихи хронология)

Қызыл империя құрамында

«1920 жылдың 26 тамызында ВЦИК пен СНК декретімен Казревкомның негізінде Қазақ АССР құрылды. Оның төрағасы болып Сеитқали Мендешев сайланды» (Қайдар Алдамжаров, тарих ғ.кандидаты). 1920–1924 жылдары Республика астанасы Орынбор қаласы болды. 1922 жылы Кеңес Одағы құрылды. 1924 жылы Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақстан құрамына қосылды. 1925–1929 жылдары Республика астанасы Қызылордаға ауыстырылды. 1929 жылы Республика астанасы Алматыға көшірілді. «1925 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып билікке бұрын-соңды көшпелі халықты көрмеген, солақай- сойқан саясаттың иегері, Сталиннің өз кадры Ф.И.Голощекин келді. Ол С.Мендешевтен кейін хатшылық міндетті бірер ай уақытша атқарған Сұлтанбек Қожановты алмастырды. «Саяси қуғын-сүргін» ұғымы қазақ халқы үшін 1916 жылдан бастау алды. Ал оның салдары аштық Қазақстанда 1918 жылы басталып 1932 жылдың қырғынына ұласты. Халқымыз үш рет сұрапыл аштықты бастан кешірді. Біріншісі, 1918–1919 жылдары Ресей қоғамында ақтар мен қызылдар соғысқанда болды. Қолдағы малды, біресе ақтар, біресе қызылдар тартып алып, халықты аштыққа ұшыратты. Екіншісі, 1921-1922 жылдары кеңес үкіметінің «военный коммунизм» саясатына сәйкес, елдегі мал мен астық ішкі Ресейге жіберілді. Үшіншісі, 1928–1932 жылдары Кеңес Одағында жаппай индустриаландыру науқаны жүргізілгенде болды. Соған орай жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз ету үшін 1928 жылдың 27 тамызында «Ірі байлар мен ақсүйектердің мал-мүлкін көм-пескелеп, өздерін жер аудару туралы» қаулы шықты. Аренaға «шаш ал десе бас алатын» шолақ етек белсенділер шықты.Осы үш дүркін қолдан жасалған ашаршылықтан 4,5 млн адам айдың-күннің амаында қынадай қырылып қалды. Мұндай сұмдық әлемдік тарихта болған емес», -дейді тарихшылар.

«...В первое десятилетие советского правления Казахстан выдвинулся в один из важнейших промышленных районов. Строились крупные промышленные города, железные дороги, заводы, фабрики... В аграрной системе была проведена политика насильственного перевода кочевнико-скотоводческого населения к оседлости под видом аграрной коллективизации, в результате которой был уничтожен социально-экономический генотип казахского крестьянства, что привело к небывалому голоду, геноциду народа, обрело общество на долгие годы отсталости. Коллективизация Сталина, советская система силовой политики и ее глубоко антигуманная идеология явились трагедией, превосходящей

по своим масштабам бедствия, когда-либо известные в истории казахского народа.... («Казахстан» изд. 1995 года).

« ... Мәскеуге барған бетте Ленин кітапханасынан 1926 жылғы санақтың қорытындылары жарияланған жинақты тауып оқығанмын. «Казахи – самая крупная тюрко-язычная национальность Советского Союза – 6 млн. 200 тысяч человек» деген тұсын көшіріп алғанмын. Ал, 1939 жылы сол 6 млн. -нан астам қазақтан 2 млн адам ғана қалған... Мұндай қорлыққа тек қой мінез халық қана шыдай алады. Ал біз жылқы мінез халық емес пе едік?! Осындай ойлардан барып тарихтың тереңіне сүңгі бердім...» (Олжас Сүлейменов, ақын, Қазақстанның халық жазушысы, «Аңыз адам» журналы) Ф.Голощекин Қазақстанда «Кіші Октябрь» ұйымдастырғанда оның қолшоқпарлары болғандар: БКП Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ізмұхан Құрамысов (Голощекиннің ығына көп жығылған деп айтылады), Совнарком төрағасы Ораз Исаев, Қазақ өлкелік партия комитетінің мүшесі Ұзақбай Құлымбетов, ҚА КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы (1927 – 1934 жылдар) оқымаған, шала сауатты Елтай Ерназаров, сонымен қатар Голюдов т.б. «1931-32 жылдары Үкімет басында отырған Ораз Исаев орталыққа телеграмма жөнелтеді. «Халық аштан қырылып жатыр. Тым болмаса аң аулауға рұқсат беріңіздер», - деп, сонда «Бір аң ататын болсаңыздар сотталасыздар», - деген жауап алған».

«В 1924 году в октябрьском номере партийно-правительственной газеты «Еңбекші қазақ» (ныне «Егемен Қазақстан») Алихан Букейхан опубликовал заметку о численности казахов в пределах Республики в текущем году, согласно которой коренной народ составлял 6,470 миллионна человек. К 1932 году численность казахов по естественному росту должна была составить, по крайней мере 7,250 миллиона. Спустя 4 года после голода по ито-гам переписи населения СССР 1937 года казахи составляли всего 2,1 млн человек. Это означало, что численность казахов в 1933 году была меньше 2 миллионов. Следовательно, потери казахов составили более 5 млн человек, или почти 70 (!) процентов За неполных два года более 7 млн казахов оказались на грани физического исчезновения, причем на своих исконных землях. Советская власть совершила против казахов неслыханное злодеяние, аналогов которому не было во всей истории человечества... Это национальное бедствие казах-ского народа гораздо масштабнее и трагичнее укра-инского Голодомора, ставшего международным термином, принятым ООН... (Султан Хан Аққулы, директор НИИ «Алаш» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева).

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ



Орман табиғаттың ұлы байлығы



**С наилучшими пожеланиями сестра Арина и зять
Хегай Юрий Моисеевич.**

С.СЕРГАЗИНА

Tengrinews.kz

Сағына еске алушылар: жары-Нұрзада, балалары, немере-шөберелері.
12-қараша күні, сағат 12:00-де Қанабек ауылы Саринаова көшесі №13 үйде берілетін 40 күндік ас мәзіріне ағайын-туыс, құда-жекат, жора-жолдастары мен әкеміздің көзін көргендерді шақырамыз.